

«Эйр Астана» АҚ (AIRA)

2025 жылғы 1-жартыжылдықтағы қаржылық нәтиже

KASE тикері: AIRA

Мақсатты баға (12A): 853₸

Әлеуеті: +13,9%

AIX тикері: AIRA.Y

Ағымдағы баға: 749₸

Рейтинг: BUY

Тамыз 2025 ж.

«Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі – «Компания») 5 тамызда 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 айдағы қызметінің қаржылық және операциялық нәтижесін жариялады.

Біздің ойымызша, есеп оң нәтиже берді. «Эйр Астана» үшін маусымдық күшті екінші тоқсан Компанияның тоқсандық түсімінің 28%-ға өсуімен расталды. Air Astana мен Fly Arystan брендтерінің түсімі өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда сәйкесінше 29%-ға және 32%-ға өсті.

Біз бір акцияның құнын 853₸ деп бағаладық. «Сатып алуды» ұсындық.

2025 жылғы 1-жартыжылдықтағы қаржылық есептіліктің қорытындысы:

- Air Astana мен Fly Arystan брендтерінің кірісі өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда сәйкесінше 29%-ға және 32%-ға өсті. Кірістің негізгі өсімі 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда жолаушылар тасымалынан түсетін табыстың 27%-ға ұлғаюына байланысты. Топтың жолаушылар санының 11,6%-ға – 4,5 млн адамға дейін өсуі тағы бес жаңа бағыттың қосылуымен қатар жүрді, нәтижесінде жалпы маршрут саны 20-ға жетті.
- 2025 жылдың маусым айының соңындағы жағдай бойынша "Эйр Астана" флоттың 61 бірлігін пайдаланды, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 4-ке артық. Компанияның жоспарлары бойынша 2025 жылдың соңына қарай флот 63 ұшақты құрауы мүмкін. Сондай-ақ 2029 жылға қарай флотты 84 ұшаққа дейін ұлғайту жоспарланып отыр.
- 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында топтың ASK (Available Seat Kilometers – қолжетімді жолаушы-километрлер) өткізу қабілетінің коэффициенті жылдық мәнде 17,8%-ға өсті: ішкі бағыттарда – 9,3%-ға, ал халықаралық бағыттарда – 25,2%-ға өсті. Тасымал сыйымдылығы өсімінің 76%-ы халықаралық маршруттық желіге тиесілі болды. Халықаралық тасымал сыйымдылығының ең үлкен өсімі Қытай мен Қиыр Шығыс бағыттарында тіркелді (+115%).
- 2025 жылдың 6 айында операциялық пайда 23,2 млрд теңгені құрап, 2024 жылдың ұқсас кезеңінде 54%-ға артты, операциялық маржа 21%-ға ұлғайып, 7%-ды құрады. Компания флотты оңтайландыру, отын шығынын оңтайландыру және жер үстінде қызмет көрсетуге және ілеспе қызметтерге шоғырланған «Air Astana Terminal Services» еншілес компаниясын құру есебінен шығысты оңтайландыру жұмысын жалғастыруда.
- 2025 жылдың алғашқы 6 айының қорытындысы бойынша компанияның таза пайдасы 146%-ға өсіп, 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 5,39 млрд теңгені құрады. Сонымен қатар компанияның ақша қаражаты 276 млрд теңгеге дейін көбейді, бұл – рекордтық көрсеткіш. Компанияның таза қарызы 244 млрд теңгеге дейін ұлғайып, жылдық өсім (ж/ж) 39%-ды құрады. Бұл көрсеткіш флоттың ұлғаюына байланысты жалдау міндеттемелерінің артуына әсер етті.

Қаржылық көрсеткіштер:

млрд, ₸	6A 2025	6A 2024	Өзгеріс (%)
Кіріс	337	264	+28%
Операциялық шығын	(314)	(249)	+26%
Операциялық пайда	23	15	+54%
Таза пайда	5	2	+146%
Ақша қаражаты мен оның баламалары	276	197	+40%

Көрсеткіштер:




Маржинальность:

	6A 2025	6A 2024
ROA (LTM)	3,12%	3,22%
ROE (LTM)	16,26%	19,06%

Дереккөз: Компанияның деректері, BCC Invest есептеуі

Акционерлер:



Нарықтық параметрлер:

Шығарылған акция саны (дана)	355 517 473
Еркін айналымда (%)	13,6
Нарықтық капиталдандыру (млрд, ₸)	270,2
52-апта min/max (₸)	695 – 860,05

«Эйр Астана» АҚ (AIRA)

2025 жылғы 1-жартыжылдықтағы қаржылық нәтиже

KASE тикері: AIRA

Мақсатты баға (12A): 853₸

Әлеуеті: +13,9%

AIX тикері: AIRA.Y

Ағымдағы баға: 749₸

Рейтинг: BUY

Бағалау моделінің параметрлері. Операциялық және қаржылық көрсеткіштердің жақсаруы, оның ішінде кірістің, ақша ағындарының, таза пайда мен операциялық табыстың өсуі модель параметрлерін қайта қарауға негіз болды. Жаңартылған модельде әуе кемелері паркін кеңейтуге байланысты орын-километрге шаққандағы кірістіліктің (RASK) өсу қарқыны нақтыланды, сондай-ақ операциялық шығын динамикасы мен болашақ кезеңдерге жоспарланған капиталдық шығынның арақатынасы қайта қаралды. Бұдан бөлек тәуекелсіз құралдардың кірістілігінің артуына және ҚР-дағы ұзақмерзімді инфляция деңгейінің жоғарылауына байланысты капиталдың орташа салмақталған құнының (WACC) есептеу параметрлері түзетілді. Нәтижесінде компания акцияларының мақсатты бағасы ағымдағы нарықтық құннан +13,9% деңгейінде бағалануда.

№ 1 кесте. Болжамды деректер

млн теңгемен	Болжамдар				
	2025 2Ж	2026	2027	2028	2029
NOPAT	42 226	69 106	74 735	79 216	85 000
Дисконттау мөлшерлемесі	16,88%	16,88%	16,88%	16,88%	16,88%
Дисконтталған ақша ағыны	14 793	62 148	49 537	46 433	41 934
Дисконтталған ақша ағындарының сомасы	214 845				
Терминалдық құн	332 422				
EV	547 267				
Таза борыш	-244 006				
Компанияның құны	303 261				
Айналымдағы акция саны, млн	356				
Акцияның әділ құны, ₸/акция	853				
Ағымдағы баға, ₸/акция	749				
Өсу/(төмендеу) әлеуеті	13,89%				
Ұсыным	Сатып алу				

Дисконттау мөлшерлемесін есептеу:

Көрсеткіш	Мәні
Бағалау күніндегі жағдай бойынша АҚШ-тың 10 жылдық қазынашылық міндеттемелерін өтеуге кірістілік	4,29%
Елдік тәуекел үшін сыйлықақы	1,57%
Қарызсыз бета	0,76
Қарыздық бета	1,30
Акцияларға инвестициялау тәуекелі үшін сыйлықақы	6,57%
Капитализациясы аз компанияға инвестициялау тәуекелі үшін сыйлықақы	1,21%
Меншікті капитал құны, АҚШ доллары	15,65%
АҚШ-тағы ұзақмерзімді инфляция, 2025-2044	2,25%
Қазақстандағы ұзақмерзімді инфляция, 2025-2044	5,13%
Меншікті капитал құны, теңге	18,90%
Қарыз капиталын тарту мөлшерлемесі	18,31%
Корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі	20,00%
Бағалау нысанының операция валютасындағы салықтан кейінгі қарыз капиталының құны	14,65%
Капитал құрылымы	
Меншікті капитал / инвестицияланған капитал	52,38%
Қарыз капиталы / инвестицияланған капитал	47,62%
WACC	16,88%

«Эйр Астана» АҚ (AIRA)

2025 жылғы 1-жартыжылдықтағы қаржылық нәтиже

Маңызды ақпарат. Дисклеймер

«BCC Invest» АҚ клиенттері үшін тәуекелдер туралы ақпарат

Маңызды ақпарат:

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Осы материалды тарату инвестициялық кеңес беру қызметі емес. Осы материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес. Осы материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратқа ғана сүйенбеуге тиіс. Есептерді, тарихи деректерді және осы материалда қамтылуы мүмкін өзге де ақпаратты «BCC Invest» АҚ қызметкерлері жария дереккөздерден алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындады. «BCC Invest» АҚ мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес. «BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауымен пайдаланады және тәуекелін өзі көтереді.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыныс және/немесе сату бойынша міндеттеме емес, мәміле жасасуға итермелемейді және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің алушының нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ақпарат алушыға ұсыным емес.

«BCC Invest» АҚ олар туралы ақпаратты ұсынатын бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, базистік активтердің сан алуан түрлі туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі – «Қаржы құралдары») операция жүргізбес бұрын, осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуы қажет және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі кеңесшілерінен және өзге де кеңесшілерінен жан-жақты кеңес алуға тиіс. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатыр, олар үшін жауапкершілік «BCC Invest» АҚ-қа жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекел салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес. Ақпарат алушы қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Ақпарат алушы, егер оның экономикалық және заңды мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе ақпарат алушының мақсатына, ниетіне және күткен үмітіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Осы себептен бұл мәмілелер өзіне тиісті тәуекелді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын адамдарға арналған. Кез келген мәмілені жасамас бұрын ақпарат алушы тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелді түсінетініне және кез келген оқиға өрбіген кезде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет. Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескерген жөн. Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбас бағамының өзгеруі инвестиция құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. «BCC Invest» АҚ ақпаратты пайдалану негізінде ақпарат алушы алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік бермейді немесе оны растамайды және қандай да бір жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

«Мүдделер қақтығысы»

«BCC Invest» АҚ брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау бойынша қызмет көрсету туралы шарттардың үлгілік нысандарында жазылғанға ұқсас қызметтерді үшінші тұлғаларға көрсететінін, сондай-ақ өзге шарттар бойынша үшінші тұлғалардың тапсырмаларын қабылдайтынын және үшінші тұлғалардың мүдделері мен өз мүдделері үшін бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер мен өзге де операцияларды жүзеге асыратынын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай кәсіптік қызмет түрлерін қоса атқару тәртібімен үшінші тұлғаларға өзге де қызметтер, оның ішінде ақпараттық қызмет, қаржылық кеңес беру, андеррайтинг қызметтерін, облигация ұстаушылардың өкілінің қызметін, активтерді сенімгерлік басқару және маркет-мейкер қызметтерін көрсететінін хабарлаймыз.

Жоғарыда аталған қызметтерді көрсету барысында «BCC Invest» АҚ мұндай қызметтерді көрсеткені үшін сыйақы алады, бұл «BCC Invest» АҚ пен клиенттің арасында мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соғуы мүмкін.

«BCC Invest» АҚ, егер мұндай мәмілені орындау мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соқтырса, клиентке қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға кеңес бермейді.

Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген 10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.